

"Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 ақпандағы № А-2/60 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2026 жылғы 16 наурыздағы № А-3/97 қаулысы

Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2022 жылғы 8 ақпандағы № А-2/60 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26811 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. 1-тармақтың екінші абзацының күші 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға таралады.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі

М.Ахметжанов

Ақмола облысы әкімдігінің
2026 жылғы 16 наурыздағы
№А-3/97 қаулысына
1-қосымша
Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 8 ақпандағы
№ А-2/60 қаулысына
1-қосымша

Ақмола облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны	Мемлекеттік және жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі топтардың түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				
		болу режимі 10,5 сағаттық топта	болу режимі 9 сағаттық топта	санаторлы топта	түзету түріндегі топта	жарты күн болатын топта
Қала	20014	58 343 теңге	53 889 теңге	86 250 теңге	103 249 теңге	25 916 теңге
Ауыл	17725	64 767 теңге	59 600 теңге	96 957 теңге	116 633 теңге	28 771 теңге

Ақмола облысы әкімдігінің
2026 жылғы 16 наурыздағы
№ А-3/97 қаулысына
2-қосымша

Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 8 ақпандағы
№ А-2/60 қаулысына
2-қосымша

Ақмола облысы бойынша ата-ана төлемақысының мөлшері

Бір тәрбиеленушіге айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)		
3 жасқа дейін	3 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін	жарты күн болатын топта
16 585 теңге	20 388 теңге	10 194 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК